

Мамандықтар бағыты:

***ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ҒЫЛЫМДАРЫ***





Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ» бағыты бойынша мамандықтар тізімі:

- 5B060100 - Математика
- 5B060200 - Информатика
- 5B060300 - Механика
- 5B060400 - Физика
- 5B060600 - Химия
- 5B060700 - Биология
- 5B060800 - Экология
- 5B060900 - География



5B060100 - Математика

Академиялық дәрежесі - «Математика» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесі лауазымдарда жұмыс істей алады:

- ұйымдық-басқару құрылымдарында маман, инженер, математик-программист, математик-экономист, математик-актуарий;
- ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында ғылыми қызметкер;
- жаратылыстану ғылымы, техника, экономика саласында құбылыс пен үрдістердің математикалық модельдерін әзірлеу бойынша маман.



5B060200 - Информатика

Академиялық дәрежесі - «Информатика» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- компьютерлік дизайн саласында маман, программист;
- объектіге бағытталған программалау саласында маман, басқару мекемелері мен бизнес-құрылымдарда, есептеу және компьютерлік орталықтарда деректер қорын жобалаушы;
- IT-технология қолданумен кәсіби қызметтерде квалификацияға сәйкес басқа да қызметтер.



5B060300 - Механика

Академиялық дәрежесі - «Механика» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- математик;
- инженер-программист, инженер-механик;
- механика бойынша маман және т.б.



5B060400 - Физика

Академиялық дәрежесі - «Физика» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдары бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- физика мәселесін зерттеумен айналысатын ғылыми — зерттеу институттарда және зертханаларда кіші ғылыми қызметкер;
- өнеркәсіптерде, өндірістік-технологиялық және басқару үрдістерін қамтамасыз ететін өндірістерде, фирмаларда және компанияларда маман қызметін атқара алады.



5B060600 - Химия

Академиялық дәрежесі - «Химия» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- аналитикалық, экологиялық, кедендік, санитарлық-эпидемиологиялық, сертификаттық қызмет саласында өндірістік зертханаларда лаборант;
- маман;
- кіші ғылыми қызметкер.



5B060700 - Биология

Академиялық дәрежесі - «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- ғылыми-зерттеу институттарында қызметкерлер;
- жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда инженер және лаборант;
- ұлттық парктерде, қорықтарда, зообақта, ботаникалық бақтарда, жас натуралистер станциясында, селекциялық және обаға қарсы станцияларда, табиғат мұражайларында маман;
- ғылыми-өндірістік, жобалық және геоботаникалық ұйымдардың мамандары;
- экологиялық қызмет пен ұйымдардың қызметкерлері;
- мемлекеттік басқару ұйымдардың, әкімшілік және басқа да мекеме мамандары.



5B060800 - Экология

Академиялық дәрежесі - «Экология» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарда, мемлекеттік және қоғамдық табиғат қорғау ұйымдардың қызметкерлері;
- қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқарманың, ұлттық парктер, қорықтар, кіші қорықтар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, агроөнеркәсіптік кешендердің, полигондарда, энергетика объектілеріндің, АЭС-те, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтардың мамандары;
- экологиялық зертханалар мен экомониторинг бөлімдерінде инженер-эксперт.



5B060900 - География

Академиялық дәрежесі - «География» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- жобалық, ізденушілік, ғылыми-зерттеу институттарында маман;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша инженері мен лаборанты;
- туристік фирмаларда экскурсия жетекшісі;
- табиғатты қорғау органдарында және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің табиғатты пайдалану басқармаларының қызметкерлері.